

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Жыл басынан бері отандастарымыздың зейнетақы жинақтарының өсімі 2 триллион теңгеден асты

#### *БЖЗК-ның 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі негізгі көрсеткіштері*

2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗК салымшыларының (алушыларының) жеке шоттарында **16,76 трлн теңге** зейнетақы жинақтары қалыптастырылды. Олардың жыл басынан (01.09.2023ж.) бері өсімі **2,1 трлн теңге** (14,3%) болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда зейнетақы жинақтарының көлемі **2,8 трлн теңгеге** (20%) өсті.

2023 жылдың 8 айында зейнетақы жарналарының сомасы **1 374,8 млрд теңге** болды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 25% немесе **278,28 млрд теңгеге** жоғары. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім міндетті зейнетақы жарналары (М3Ж) бойынша – 25%, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МК3Ж) бойынша – 26% көрсетті.

Қазақстандықтардың жинақтарының 96,79% М3Ж есебінен құралған. 01.09.2023ж. М3Ж көлемі **16,22 трлн теңгеге** жетті (бір жылдағы өсім – 19,7%, жыл басынан бері – 14,1%). МК3Ж бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы – **532,51 млрд теңге**, өткен жылдың 1 қыркүйегінен бастап 28%, ағымдағы жылдың басынан бастап 19,6% ұлғайды. Ең жоғары өсімді (жылына 57,7%) ерікті зейнетақы жарналары (Е3Ж) бойынша жинақтар көрсетті, олардың көлемі – **4,71 млрд теңге**.

БЖЗК салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері шамамен **1035,1 млрд теңге** болды.

2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗК-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны **12,25 млн бірлік** деңгейінде қалыптасты, оның ішінде М3Ж бойынша – **шамамен 11,04 млн**, МК3Ж – **626,3 мың**, Е3Ж - **384,5 мың** бірлік.

Жыл басынан бері БЖЗК шамамен **350,78 млрд теңге** төледі. 01.09.23ж. жасына байланысты төлемдер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 27% артып, **96,69 млрд теңгені** (төлемдердің жалпы көлеміндегі үлесі – **27,56%**), тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері – **169,15 млрд теңге** (төлемдердің жалпы көлеміндегі үлесі – **48,22%**) құрады.

Сондай-ақ, жыл басынан бері мұрагерлік бойынша төлемдер – **34,97 млрд теңге**, Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – **26,64 млрд теңге**, мүгедектік бойынша төлемдер – **1,8 млрд теңге**, жерлеуге төлемдер – **4,38 млрд теңге** көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына **17,09 млрд теңге** аударылды.

БЖЗК-дан кесте бойынша орташа айлық төлемнің мөлшері (зейнет жасына толуына байланысты) **32 120 теңге** болса, ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы – **742 692 теңге**. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңінде кесте бойынша орташа айлық төлем 29 859 теңге, ең жоғары төлем - **707 326 теңге** болды.

Зейнетақы активтері бойынша, оның ішінде республика өнірлері бөлінісіндегі статистикалық деректер туралы барлық өзекті ақпарат [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы "Көрсеткіштер" бөлімінде орналастырылған.

БЖЗК 2013 жылды 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару көңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті қасіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).